

**«EcoBatys» әлеуметтік жобасын іске асыру шеңберінде
үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік емес гранттар беруге
конкурс өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік емес гранттар беруге арналған конкурс туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) гранттық конкурсты (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Оператор) «Шелл Қазақстан Девелопмент Б.В.» филиалының (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) мемлекеттік емес грантын пайдалана отырып Конкурс өткізеді.

1.2 Мемлекеттік емес гранттардың тақырыбы – «EcoBatys» әлеуметтік жобасы шеңберінде экологиялық бастамаларды іске асыру».

1.3 Мемлекеттік емес гранттардың мақсаты – Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарында қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған 15 бастаманы іске асыру арқылы 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша Қазақстанның стратегиясын ілгерілетуге жәрдемдесу.

1.4 Мемлекеттік емес гранттардың міндеттері:

1) төмендегі бағыттарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, көрсетілген өңірлерде экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды іске асыру:

- a. су ресурстарын тұрақты пайдалану;
- b. орнықты және өнімділігі жоғары ауылшаруашылығын дамыту;
- c. энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру;
- d. электр энергетикасын дамыту;
- e. қалдықтарды басқару жүйесі;
- f. ауаның ластануын азайту;
- g. экожүйелерді сақтау және тиімді басқару;
- h. «жасыл экономикаға» көшу үшін кадрлық қамтамасыз ету және халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және т. б.

2) әлеуметтік желілер мен БАҚ-та гранттардың іске асырылуын ақпараттық жария ету арқылы жергілікті тұрғындар, жергілікті атқарушы органдар және (немесе) бизнес-қоғамдастық арасында көрсетілген өңірлердегі экологиялық жағдай туралы хабардар болуды арттыру;

3) іске асырылып жатқан жобаларға жергілікті халықтың әлеуетін, оның ішінде азаматтық қоғам, және (немесе) академиялық орта, және (немесе) жергілікті атқарушы органдар, және (немесе) қоғамдық пікір көшбасшыларын және т. б. тарту.

1.5 Іске асыру мерзімі – 2022 жылғы сәуір – қыркүйек.

1.6 Мемлекеттік емес гранттарды аумақтық қамту – Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстары.

1.7 Мемлекеттік емес гранттарды іске асырудан күтілетін нәтижелер:

1) көрсетілген өңірлерде үкіметтік емес ұйымдардың экологиялық бастамаларын іске асыру үшін 4 000 000 (төрт миллион) теңгеден 15 грант ұсыну;

2) аумақтық қамтудың аталған өңірлерінде экологиялық жағдайды жақсартуға жәрдемдесу;

3) үкіметтік емес ұйымдардың экологиялық бастамаларына тартылған адамдардың, оның ішінде волонтерлер мен жастардың санын арттыру;

4) көрсетілген өңірлердегі экологиялық проблемалар туралы хабардар адамдардың санын арттыру болып табылады.

2. ГРАНТТЫҚ КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЖӘНЕ ЖОБАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1 Гранттық конкурсқа қатысуға тарату процесінде тұрған, дәрменсіз (банкрот) деп танылған, мүлкіне тыйым салынған және (немесе) экономикалық қызметі тоқтатыла тұрған үкіметтік емес ұйымдарды қоспағанда, мынадай өлшемшарттарға сай келетін үкіметтік емес ұйымдар жіберіледі:

1) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» ҚР Заңның 6-1-бабының 3-тармағына сәйкес Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында мәліметтері қамтылған;

2) тіркелген сәттен бастап кемінде 3 ай әрекет етіп келген;

3) өтінімге сай мемлекеттік емес грантты іске асыру өңірінде (Батыс Қазақстан, Атырау немесе Маңғыстау облысы) орналасқан және/немесе сонда филиалдары бар;

4) ұйымның жарғылық капиталына мемлекеттің және (немесе) мемлекеттік органдардың тікелей немесе жанама қатысуы болмаса, сондай-ақ құрылтайшылардың және қызметкерлердің арасында саяси маңызы бар тұлғалар болмаса;

5) ұйымның бірінші басшылары мен құрылтайшыларында соттылық фактілері болмаса;

6) ұйымның бірінші басшылары мен құрылтайшыларында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері және ұйымның алдыңғы шарттық міндеттемелерді жауапсыз орындау фактілері болмаса.

2.2 Гранттық конкурсқа қатысуға мынадай критерийлерге жауап беретін өтінімдер жіберіледі:

1) осы Ережеде көрсетілген мемлекеттік емес гранттардың мақсаттарына, міндеттеріне, аумақтық қамтылуына, іске асыру мерзімдеріне және күтілетін нәтижелеріне сәйкес келуі;

2) Өтінім нысанына және осы Ереженің 3.3-тармағында көрсетілген барлық құжаттарды қоса отырып толық ресімделуі;

3) Операторға осы Ереженің 3.1-тармағында көрсетілген мерзімдерде енгізілуі;

4) Операторға толық және дәйекті ақпараттың ұсынылуы.

2.3 Бір үкіметтік емес ұйымнан 1 (бірден) артық өтінім ұсынуға жол берілмейді.

2.4 1 (бір) грант жобаны аумақтық қамтудың 1 (бір) өңірінде іске асыру үшін 1 (бір) үкіметтік емес ұйымға беріледі.

2.5 Мемлекеттік емес гранттар үкіметтік емес ұйымдар үшін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, үкіметтік емес ұйымдардың кеңселерін жалға алуға, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды көздемейді.

3. ГРАНТТЫҚ КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1 Үкіметтік емес ұйымдардан конкурсқа қатысуға берілетін өтінімдер Операторға 2022 жылғы «14» ақпаннан бастап «09» наурыз күні Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 18:00-ге дейін енгізіледі. Көрсетілген мерзімдерден кейін енгізілетін өтінімдер қаралмайды.

3.2 Конкурсқа қатысу үшін өтініш беруші электрондық форматта өтініш берушінің атауы мен контактілері көрсетілген қажетті құжаттарды мұрағатталған WinRar/WinZip файлында PDF форматында grants@cisc.kz электрондық поштасына жіберу арқылы енгізеді.

3.2.1 Қажетті құжаттарды жіберген кезде өтініш беруші толтырылған және қол қойылған өтінім нысанын және құрылтай құжаттарының көшірмелерін бірыңғай құжатта (PDF) жібереді.

3.3 Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі:

Өтінім, оның ішінде:

1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша **сауалнама-өтініш**;

2) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша **өтініш берушінің әлеуеті туралы мәліметтер;**

3) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша **ұсынылатын жобаның мазмұны;**

4) грантты іске асыруға арналған болжамды шығыстардың сомаларын көрсете отырып, осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша **жобаны іске асыру жөніндегі шығыстар сметасы;**

5) осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес ұйымның өзінің жарғылық капиталына мемлекеттің және (немесе) мемлекеттік органдардың тікелей немесе жанама қатысуы жоқ екендігі, сондай-ақ құрылтайшылар және қызметкерлер арасында саяси маңызы бар тұлғалар жоқ екендігі туралы **хабарлама;**

6) осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес ұйымның бірінші басшылары мен құрылтайшыларында соттылық фактілерінің жоқтығы туралы **хабарлама;**

7) осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес ұйымның бірінші басшылары мен құрылтайшыларында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің, сондай-ақ ұйымның алдыңғы шарттық міндеттемелерін жауапсыз орындау фактілерінің жоқтығы туралы **хабарлама;**

8) **құрылтай құжаттарының көшірмелері** (egov сайтынан өзекті күнге тіркелген заңды тұлға туралы анықтама, барлық өзгерістері мен толықтырулары бар жарғы, құрылтай шарты (болған жағдайда), қол қоюшының жеке басын куәландыратын құжат және өтініш берушінің атынан өтінімге қол қоюға өкілеттілігін растайтын құжат, өтініш берушінің уәкілетті органының бірінші басшыны тағайындау туралы шешімі не өтінімге өтініш берушінің атқарушы органының басшысы қол қоймаған жағдайда сенімхат).

Өтініш беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын және оларда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

3.4 Қажет болған жағдайда Оператор өтінім берушіден Тапсырыс берушінің талабы бойынша Конкурсқа және (немесе) Жобаға қатысы бар қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

3.5 Оператор мен Тапсырыс беруші өтінімдердің осы Ереженің критерийлері мен шарттарына сәйкестігін тексереді.

3.5.1 Оператор өтінімдердің осы Ереженің 2.1-тармағының 1) – 3) тармақшаларына, 2.2-тармағының 1) – 3) тармақшаларына, 2.3, 2.4 және 2.5-тармақтарына сәйкестігін тексереді.

3.5.2 Тапсырыс беруші өтінімдердің осы Ереженің 2.1-тармағының 4) - 6) тармақшаларына және 2.2-тармағының 4) тармақшасына сәйкестігін тексереді.

3.6 Оператор осы Ереженің 2.2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында, сондай-ақ 2.4. және 2.5-тармақтарында сәйкессіздік анықталған жағдайда, сәйкес келтіру үшін өтінімдерді пысықтауға жібереді.

3.7 Оператор осы Ереженің 2-тармағының шарттарына сәйкес келмеген жағдайда өтініш берушінің Конкурсқа қатысуынан бас тартады және оған тиісті хабарлама жібереді.

3.8 Конкурсқа қатысуға жіберілген үкіметтік емес ұйымдардың өтінімдерін бағалауды және грант алушыларды айқындауды Сараптама комиссиясы 2 кезеңде жүзеге асырады:

Бірінші кезең: өтінімдерді қарастыру және бағалау;

Екінші кезең: бірінші кезеңнен өткен өтінімдерді онлайн таныстыру және грант алушыларды анықтау.

3.9 Конкурстың **бірінші кезеңі шеңберінде** Сараптама комиссиясының мүшелеріне осы Ережеге 8-қосымшада көрсетілген критерийлерге сәйкес қарастыру және бағалау үшін сәйкестікке тексеруден өткен өтінімдер жіберіледі.

3.9.1 Сараптама комиссиясының бағалау қорытындысы бойынша жалпы балл санының 30% және одан жоғары % жинаған өтінімдер Конкурстың екінші кезеңіне өтеді.

3.9.2 Оператор екінші кезеңге өткендердің тізімін жасап, Оператордың ресми интернет-ресурсында жариялайды.

3.10 Конкурстың **екінші кезеңі шеңберінде** өтінім берушілер алдын ала өтінім берушіге жіберілген кестеге сәйкес Сараптама комиссиясының алдында өздерінің өтінімдерін (жобаларын) таныстырады және қорғайды.

3.10.1 Өтінімдерді (жобаларды) таныстыру берілген регламент шеңберінде еркін форматта онлайн өткізіледі.

3.10.2 Сараптама комиссиясының екінші кезеңдегі шешімі отырысқа қатысушы мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Мүшелердің дауысы тең болған жағдайда Сараптама комиссиясы Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.10.3 Сараптама комиссиясының Төрағасы конкурс жеңімпаздарын анықтау кезінде қабылданған шешімге бір жақты тәртіпте тыйым салуға (вето) құқылы.

3.11 Сараптама комиссиясының шешімі отырыста хаттама түрінде ресімделеді, ол Оператор үшін міндетті болып табылады.

3.12 Конкурс қорытындылары Оператордың ресми интернет-ресурсында жарияланады.

3.13 Гранттық конкурс мынадай негіздердің бірі бойынша өтпеді деп танылады:

- 1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған жағдайда;
- 2) конкурсқа қатысуға өтінімдердің бірде-біреуі жіберілмеген жағдайда;
- 3) Сараптама комиссиясының бағалауына ұсынылған өтінімдердің бірде-біреуі конкурстың екінші кезеңіне қатысуға жіберілмеген жағдайда;
- 4) конкурстың екінші кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаздар болмаған жағдайда.

3.14 Конкурс өтпеді деп танылған жағдайда және (немесе) егер конкурс қорытындысы бойынша 15-тен кем грант ұсынылған жағдайда, Оператор Тапсырыс берушінің келісімі бойынша гранттардың қалған көлемін беруге қайта конкурс жариялау құқығын қалдырады, бірақ бұл тиісті шешім қабылданғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмеуі тиіс.

4. САРАПТАМА КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

4.1 Жіберілген өтінімдерді бағалау жөніндегі Сараптама комиссиясы Оператор мен Тапсырыс беруші ұсынған сарапшылар қатарынан құрылады.

4.2. Сараптама комиссиясының мүшелері осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүдделер қақтығысының болуы немесе болмауы туралы хабарлама ұсынады.

4.3. Сараптама комиссиясының Төрағасы Тапсырыс берушінің өкілдері-мүшелерінің арасынан сайланады және екінші кезең шеңберінде конкурс жеңімпаздарын анықтау кезінде шешімдер қабылдауға біржақты тәртіппен тыйым салуға (вето) құқылы.

4.3.1 Вето қойған жағдайда Сараптама комиссиясының Төрағасы өз шешімінің себебін түсіндіруден бас тартуға құқылы.

4.4. Сараптама комиссиясының хатшысы Оператордың өкілі болып табылады. Сараптама комиссиясының хатшысы оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ережемен реттелмеген мәселелер туындаған кезде Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

| | |
|---|---|
| Қол қоюшы үшін және оның атынан | Қол қоюшы үшін және оның атынан |
| Тапсырыс беруші атынан Қолы:  Аты-жөні: Айгуль Барменсудова Лауазымы: Сенімхат бөлімінің басшысы | Оператор атынан Қолы:  Аты-жөні: Лима Дзас Лауазымы: Басқарма Төрағасы |

Конкурс Ережесіне
1-қосымша

Нысан
(ұйымның бланкісінде)

Сауалнама-өтініш

| № | Атауы | Ақпарат (өтініш беруші толтырады) |
|-----|--|--------------------------------------|
| 1. | Грант тақырыбы | |
| 2. | Ұсынылатын әлеуметтік жобаның атауы | |
| 3. | Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігі туралы анықтамаға немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес өтініш берушінің атауы | |
| 4. | Мемлекеттік тіркеуден өткен күні (қайта тіркеу) | |
| 5. | Бизнес-сәйкестендіру нөмірі | |
| 6. | Нақты мекенжайы | |
| 7. | Өтініш берушінің мақсатты тобы туралы ақпарат | |
| 8. | Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, телефондарының байланыс нөмірлері (оның ішінде мобильді) және электрондық пошта мекенжайы | |
| 9. | Бас есепшінің (есепшінің) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), телефондарының байланыс нөмірлері (оның ішінде мобильді) және электрондық пошта мекенжайы | |
| 10. | Еңбек ресурстарының барлығы, соның ішінде: | |

| | | |
|--|-----------------------|--|
| | Штаттағы қызметкерлер | |
| | Шақырылған мамандар | |
| | Еріктілер | |

Өтініш беруші осы арқылы Сауалнама-өтініш ішіндегі және оған қоса берілген құжаттардағы барлық ақпараттың шынайы екендігін, шынайы фактілерге сәйкес келетіндігін растайды және кепілдік береді және өзінің құзыреттілігі, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы жалған ақпарат берген, авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтау үшін жауапкершілік туралы хабардар екендігін білдіреді. Өтініш беруші осындай жалған ақпарат берген үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

Сонымен бірге, Өтініш беруші «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басышылыққа ала отырып, Тапсырыс беруші мен Оператордың Өтінімде көрсетілген дербес деректерді жинауына және өңдеуіне, оның ішінде Оператордың жариялауына келісім береді. Сондай-ақ Тапсырыс беруші мен Оператордың конкурс және грантты іске асыру шеңберінде алынған деректерді жариялауына келісім береді.


_____ (ұйым басшысының лауазымы)

_____ (қолы, М.О.)

_____ (қолтаңбаның толық жазылуы)

Толтырылған күні « ____ » _____ 20__ жыл

| | |
|---|---|
| Қол қоюшы үшін және оның атынан | Қол қоюшы үшін және оның атынан |
| Тапсырыс беруші атынан | Оператор атынан |
| Қолы:  | Қолы:  |
| Аты-жөні: Айгуль Барменкулова | Аты-жөні: Лима Дитас |
| Лауазымы: Сенімхат бойынша өкіл | Лауазымы: Басқарма Төрағасы |



Нысан

Өтініш берушінің әлеуеті туралы мәліметтер

1. Өтініш берушінің жұмыс тәжірибесі.

Соңғы 3 (үш) жылда іске асырылған немесе іске асырылу процесіндегі алдыңғы және (немесе) ұқсас әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар көрсетіледі (ұйым мамандары жеке негізде немесе басқа ұйымдар арқылы жасаған жобалар мен қызметтерді ұйымның өзінің тиісті тәжірибесі деп санауға болмайды).





| Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырылу мерзімі | Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы (негізгі қызметтің қысқаша сипаттамасы) | Тапсырыс берушінің (донордың) атауы және әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аумағы | Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның құны | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижесі |
|--|---|--|--|---|
| | | | | |

2. Өтініш берушінің әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға арналған материалдық-техникалық базасының болуы.

Ұйымның әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға дайындығы сипатталады (техникалық-экономикалық және қаржылық көрсеткіштер).

3. Өтініш берушінің жобалық тобының құрамы (ұсынылған әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын қызметкерлер)

| Жобалық топ мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) | Лауазымы | Жобалардың атауын және оларды іске асырудағы рөлін көрсете отырып, әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама міндеттеріне сәйкес жұмыс тәжірибесі | Жұмыс өтілі (жылдардың санын көрсету) | Әлеуметтік жобадағы және (немесе) әлеуметтік бағдарламадағы міндеттер, жауапкершілік |
|---|----------|---|---------------------------------------|--|
| | | | | |

| | |
|--|--|
| <p>Қол қоюшы үшін және оның атынан Тапсырыс беруші атынан</p> <p>Қолы: </p> <p>Аты-жөні: Айгуль Барменкулова</p> <p>Лауазымы: Сенімхат берілгенше өкіл</p>  | <p>Қол қоюшы үшін және оның атынан Оператор атынан</p> <p>Қолы: </p> <p>Аты-жөні: Лима Диас</p> <p>Лауазымы: Басқарма Төрағасы</p>  |
|--|--|

**Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе)
әлеуметтік бағдарламаның мазмұны**

1. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама туралы негізгі ақпарат.

| | |
|--|--|
| Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мақсаты | |
| Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның міндеттері | |
| Ұсынылатын қызметтер | |
| Аумақтық қамтылуы | |
| Мақсатты топтар | |
| Күтілетін нәтижелер | |

2. Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асырудың негіздемесі.

| | |
|---|--|
| Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама шешуге бағытталған проблемалар бойынша ағымдағы жағдайдың сипаттамасы | |
| Статистикалық деректерге және (немесе) зерттеу деректеріне, оның ішінде өз зерттеулеріне сілтеме | |
| Мақсатты топтың қажеттіліктерін анықтау бойынша жұмыс жүргізу туралы ақпарат (қажеттіліктерді бағалау) | |

3. Мақсатты топтар (әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асырудан пайда алатын адамдар).

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жоспарлау және іске асыру үрдісіне мақсатты топ өкілдерінің қатысуы сипатталады

| Мақсатты топ | Саны | Жасы | Мақсатты топтың алатын пайдасы |
|--------------|------|------|--------------------------------|
| | | | |

4. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама серіктестері мен мүдделі тараптар. Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның барлық серіктестері мен мүдделі тараптар санамаланып (мысалы мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес сектордың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, халықаралық ұйымдар және т.б.) олардың әлеуметтік жобаға және (немесе) әлеуметтік бағдарламаға қатысуы, сондай-ақ қолдау түрлері (ақпараттық, кеңес беру және т.б.) сипатталады.

| Серіктестің, мүдделі тараптың атауы | Қатысу түрі мен нақты бағыты |
|-------------------------------------|------------------------------|
| | |

5. Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырылу жоспары.

| Міндеттер | Іс-шаралар | Сандық нәтижелері | Сапалық нәтижелері | Мерзімдері |
|-----------|------------|-------------------|--------------------|------------|
| | | | | |

6. Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның тәуекелдері.

| Тәуекел | Ықтималдығын азайту және салдарын барынша азайту стратегиясы |
|---------|--|
| | |

7. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама қызметінің баспасөз ақпарат құралдарында (бұдан әрі – БАҚ) жариялануы.

| Ақпараттық өнім (мақала, бейнеролик, баннер, пост, бюллетень және басқалар) | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама кезіндегі ақпараттық өнімдердің саны | Жарықтандыру арналары (теледидар, баспа басылымдары, интернет-порталдар, өз сайты, әлеуметтік желілер, радио, таратылымдар, т.б.) | Ақпараттың таралу жиілігі |
|---|--|---|---------------------------|
| | | | |
| | | | |

8. Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы.

| | |
|---|--|
| Қаржыландыру аяқталғаннан кейін қызметті жалғастыру және (немесе) нәтижелерді ілгерілету мүмкіндігі | |
| Тұрақтылықты қамтамасыз етуде және (немесе) нәтижелерді одан әрі ілгерілетуде ұйымның рөлі қандай | |



| | |
|---|---|
| Қол қоюшы үшін және оның атынан | Қол қоюшы үшін және оның атынан |
| Тапсырыс беруші атынан | Оператор атынан |
| Қолы:  | Қолы:  |
| Аты-жөні: Айгуль Барметкулова | Аты-жөні: Лима Диас |
| Лауазымы: Сенімхат бойынша өкіл | Лауазымы: Басқарма Төрағасы |



| | | | | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| заңды және жеке тұлғалар орындайтын жұмыстар мен көрсететін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар, оның ішінде: | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | |
| өкілдік шығыстар: | | | | | | | | | |
| 2) 2-іс-шара | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | |
| Жиыны: | | | | | | | | | |

* Шығыстар әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырылу жоспарына сәйкес барлық іс-шаралар бойынша түсіндіріледі. Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның қажеттіліктеріне қарай шығыстардың аталған барлық түрлерін көрсетпеуі мүмкін. Шығыстар бабын толықтыруға іс-шаралардың қажеттілігіне қарай жол беріледі.

Мемлекеттік емес гранттар үкіметтік емес ұйымдар үшін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, үкіметтік емес ұйымдардың кеңселерін жалға алуға, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды көздемейді.

| | |
|---|---|
| Қол қоюшы үшін және оның атынан | Қол қоюшы үшін және оның атынан |
| Тапсырыс беруші атынан | Оператор атынан |
| Қолы:  | Қолы:  |
| Аты-жөні: Айгуль Барменкулова | Аты-жөні: Лима Диас |
| Лауазымы: Сенімхат бойынша өкіл | Лауазымы: Басқарма Төрағасы |



Нысан
(ұйымның бланкісінде)

Хабарлама

Өтініш беруші осымен _____ (ұйымның атауы) _____ мемлекеттің және (немесе) мемлекеттік органдардың ұйымның жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуы жоқ екенін, сондай-ақ құрылтайшылардың және қызметкерлердің арасында саяси маңызы бар тұлғалардың жоқ екенін растайды және кепілдік береді.

_____ (ұйым басшысының лауазымы)

_____ (қолы, М.О.)

_____ (қолтаңбаның толық жазылуы)

Толтырылған күні « _____ » _____ 20 _____ жыл

| | |
|---|---|
| Қол қоюшы үшін және оның атынан | Қол қоюшы үшін және оның атынан |
| Тапсырыс беруші атынан | Оператор атынан |
| Қолы: _____ Аты-жөні: Айгуль Барменкулова | Қолы: _____ Аты-жөні: Лима Диас |
| Лауазымы: Сенімхат бойынша өкіл | Лауазымы: Басқарма Төрағасы |



Конкурс Ережесіне
б-қосымша

Нысан
(ұйымның бланкісінде)

Хабарлама



Өтініш беруші осымен _____ (ұйымның атауы) _____ бірінші басшылары мен құрылтайшыларының соттылық фактілері жоқ екенін растайды және кепілдік береді.

_____ (ұйым басшысының лауазымы)

_____ (қолы, М.О.)

_____ (қолтаңбаның толық жазылуы)

Толтырылған күні « _____ » _____ 20 _____ жыл

| | |
|---|---|
| Қол қоюшы үшін және оның атынан | Қол қоюшы үшін және оның атынан |
| Тапсырыс беруші атынан | Оператор атынан |
| Қолы:  | Қолы:  |
| Аты-жөні: Айгуль Барменкулова | Аты-жөні: Лима Диас |
| Лауазымы: Сенімхат бойынша өкіл | Лауазымы: Басқарма Төрағасы |



Конкурс Ережесіне
7-қосымша

Нысан
(ұйымның бланкісінде)

Хабарлама



Өтініш беруші осымен _____ (ұйымның атауы) _____ бірінші басшылары мен құрылтайшыларының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жоқ екенін, сондай-ақ _____ (ұйымның атауы) _____ алдыңғы шарттық міндеттемелерді жауапсыз орындау фактілерінің жоқ екенін растайды және кепілдік береді.

_____ (ұйым басшысының лауазымы)

_____ (қолы, М.О.)

_____ (қолтаңбаның толық жазылуы)

Толтырылған күні « ____ » _____ 20 ____ жыл

| | |
|---|---|
| Қол қоюшы үшін және оның атынан | Қол қоюшы үшін және оның атынан |
| Тапсырыс беруші атынан | Оператор атынан |
| Қолы:  | Қолы:  |
| Аты-жөні: Айгуль Барменкулова | Аты-жөні: Лима Диас |
| Лауазымы: Семіхат бойынша өкіл | Лауазымы: Басқарма Төрағасы |



Өтінімдерді бағалауға арналған көрсеткіштер



| № | Бағалау көрсеткіштері | Балл | Балдардың түсініктемесі | |
|---|---|------------------|-------------------------|---|
| 1 | <p>Ұйымның жалпы әлеуеті: өтінім берушінің бұрынғы және (немесе) ұқсас әлеуметтік жобаларды және (немесе) әлеуметтік бағдарламаларды іске асырудағы тәжірибесінің болуы;</p> <p>бұрын іске асырылған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар нәтижелерінің маңыздылығы;</p> <p>ұйымның әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға дайындығы.</p> | 1 ден 4-ке дейін | 1 | Ұйымның жалпы әлеует осы көрсеткіш тармақшаларының ешқайсысына толығымен сәйкес келмейді |
| | | | 2 | Ұйымның жалпы әлеуеті көрсеткіш тармақшаларының біреуіне ғана сәйкес келеді |
| | | | 3 | Ұйымның жалпы әлеуеті көрсеткіш тармақшаларының екеуіне сәйкес келеді |
| | | | 4 | Ұйымның жалпы әлеуеті көрсеткіш тармақшаларының барлығына сәйкес келеді |
| 2 | <p>Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға жұмылдыру жоспарланған мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі:</p> <p>әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыру үшін жұмылдыру жоспарлаған мамандардың жобаны тиімді іске асыру үшін қажетті практикалық тәжірибеге ие;</p> <p>әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыру үшін жұмылдыру жоспарланған мамандардың жобаны тиімді жүзеге асыру</p> | 1 ден 3-ке дейін | 1 | Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға жұмылдыру жоспарланған мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі көрсеткіш тармақшаларының біреуіне сәйкес келеді |
| | | | 2 | Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға жұмылдыру жоспарланған мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі көрсеткіштің екі тармақшасына сәйкес келеді |
| | | | 3 | Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға жұмылдыру жоспарланған мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі көрсеткіштің үш тармақшасына сәйкес келеді |

| | | | | |
|---|---|--------------------|---|---|
| | <p>үшін қажет біліктілікке ие; әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыру үшін жұмылдыруға жоспарланған мамандардың әлеуметтік жобадағы және (немесе) әлеуметтік бағдарламадағы міндеттері олардың тәжірибесі мен біліктілігіне сәйкес келеді.</p> | | | |
| 3 | <p>Гранттық қаржыландыру жоспарында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге ұсынылатын әлеуметтік жобаның (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұнының бағыты:</p> <p>статистикамен және ресми дереккөздерге сілтеме жасай отырып, проблеманы (ағымдағы жағдайды) түсіну және нақты сипаттау;</p> <p>ұсынылатын әлеуметтік жобаның (немесе) әлеуметтік бағдарламаның ерекшелігіне сәйкес бенефициарларды қамту және жобаны іске асыру ауқымы;</p> <p>ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның шеңберінде іске асырылатын іс-шаралар қалай және не себепті ұсынылған әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуге әкелетіндігін дәлелдермен түсіндірілуінің болуы;</p> <p>әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жоспарлы</p> | 1 ден 7 - ге дейін | 1 | <p>Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны аталған көрсеткіштерге сәйкес келмейді</p> |
| | | | 2 | <p>Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны көрсеткіштің бес тармақшасының біреуіне сәйкес келеді</p> |
| | | | 3 | <p>Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны көрсеткіштің бес тармақшасының екеуіне сәйкес келеді</p> |
| | | | 4 | <p>Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны көрсеткіштің бес тармақшасының үшеуіне сәйкес келеді</p> |
| | | | 5 | <p>Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны көрсеткіштің бес тармақшасының төртеуіне сәйкес келеді</p> |
| | | | 6 | <p>Ұсынылатын әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны көрсеткіштің бес тармақшасының барлығына толығымен сәйкес келмейді</p> |
| | | | 7 | <p>Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны көрсеткіштің барлығына толығымен сәйкес келеді</p> |

| | | | | |
|---|--|------------------|---|--|
| | мақсатына жетуге әкелетін сандық және сапалық индикаторлары бар іске асыру жоспарының болуы; алға қойған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің инновациялық тәсілдерінің болуы; | | | |
| 4 | <p>Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижелерінің маңыздылығы мен қол жетімділігі, тұрақтылығының қамтамасыз етілуі:</p> <p>әлеуметтік жобаның (немесе) әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығын қамтамасыз етудегі ұйымның рөлі нақты көрсетілген;</p> <p>ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның шеңберінде жоспарланған нәтижелер шындыққа негізделген және қол жетімді бола алады;</p> <p>жоспарланған нәтижелер практикалық маңыздылыққа ие;</p> <p>қаржыландыру және (немесе) нәтижелерді ілгерілету аяқталғаннан кейінгі қызметтің жалғасу мүмкіндігі нақты сипатталған.</p> | 1 ден 5-ке дейін | 1 | Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижелерінің маңыздылығы мен қол жетімділігі, тұрақтылығының қамтамасыз етілуі көрсеткіш тармақшаларының ешқайсысына сәйкес келмейді |
| | | | 2 | Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижелерінің маңыздылығы мен қол жетімділігі, тұрақтылығының қамтамасыз етілуі көрсеткіш тармақшаларының біреуіне сәйкес келеді |
| | | | 3 | Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижелерінің маңыздылығы мен қол жетімділігі, тұрақтылығының қамтамасыз етілуі көрсеткіштің екі тармақшасына сәйкес келеді |
| | | | 4 | Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижелерінің маңыздылығы мен қол жетімділігі, тұрақтылығының қамтамасыз етілуі көрсеткіштің үш тармақшасына сәйкес келеді |
| | | | 5 | Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижелерінің маңыздылығы мен қол жетімділігі, тұрақтылығының қамтамасыз етілуі көрсеткіштің барлық тармақшасына толығымен сәйкес келеді |
| 5 | Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған | 1 ден 5-ке дейін | 1 | Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған шығыстар сметасы мен мерзімінің негізділігі, әлеуметтік |

| | | |
|--|---|--|
| <p>шығыстар сметасы мен мерзімінің негізділігі, әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған шығыстар сметасы мен мерзімінің қызметке сәйкес келуі:</p> <p>сметада ұсынылған шығындар негізделген және шынайы;</p> <p>ұсынылған жобаны іске асыру мерзімдері негізделген және шынайы;</p> <p>сметада ұсынылған шығыстар әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның қызметіне сәйкес келеді;</p> <p>әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыру мерзімі әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның қызметіне сәйкес келеді.</p> | | <p>жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған шығыстар сметасы мен мерзімінің қызметке сәйкес келуі көрсеткіш тармақшаларының ешқайсысына сәйкес келмейді</p> |
| | 2 | <p>Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған шығыстар сметасы мен мерзімінің негізділігі, әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған шығыстар сметасы мен мерзімінің қызметке сәйкес келуі көрсеткіш тармақшаларының біреуіне сәйкес келеді</p> |
| | 3 | <p>Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған шығыстар сметасы мен мерзімінің негізділігі, әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған шығыстар сметасы мен мерзімінің қызметке сәйкес келуі көрсеткіштің екі тармақшасына сәйкес келеді</p> |
| | 4 | <p>Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған шығыстар сметасы мен мерзімінің негізділігі, әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған шығыстар сметасы мен мерзімінің қызметке сәйкес келуі көрсеткіштің үш тармақшасына сәйкес келеді</p> |
| | 5 | <p>Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған шығыстар сметасы мен мерзімінің негізділігі, әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның іске асырудың ұсынылған шығыстар сметасы мен мерзімінің қызметке сәйкес келуі көрсеткіш</p> |

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | тармақшаларының барлығына толығымен сәйкес келеді |
|--|--|--|---|

| | |
|---|---|
| Қол қоюшы үшін және оның атынан | Қол қоюшы үшін және оның атынан |
| Тапсырыс беруші атынан | Оператор атынан |
| Қолы:  | Қолы:  |
| Аты-жөні: Айгүль Барменкулова | Аты-жөні: Лима Диас |
| Лауазымы: Сенімхат бойынша өкіл | Лауазымы: Басқарма Төрағасы |



Нысан

Гранттар беру бойынша сараптама комиссиясы мүшелерінің конкурсқа өтінім берушілермен мүдделер қайшылығының бар не жоқтығы (тиістісінің астын сызыңыз) туралы ескерту

Мен _____,
(сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

келесіні хабардар етемін,

Конкурсқа өтінім берушілермен мүдделер қайшылығының жоқтығы жөнінде және конкурстық комиссияның мүшесі ретінде өз қызметімді атқарғанда, гранттар беру бойынша конкурсқа өтінім берушілермен мүдделер қайшылығына қатысты әділеттілік пен әділдік қағидаларына сүйенуге міндеттеме аламын (тиістісін белгілеңіз);

Сіз жұмыс жасайтын үкіметтік емес ұйымның мүшесі (қатысушысы), қазіргі уақыттағы құрылтайшысы болып табыласыз ба (егер болсаңыз, үкіметтік емес ұйымның атауын көрсетіңіз):

Сіз басқару органының мүшесі, үкіметтік емес ұйымның басшысы болып табыласыз ба (егер болсаңыз, басқару органын, үкіметтік емес ұйымның атауын және лауазымыңызды көрсетіңіз):

Сіз өткен жылы көрсетілген қызмет үшін немесе үкіметтік ұйымнан тікелей қаржылық көмек алдыңыз ба? (алған жағдайда, қандай қызметтер үшін алғаныңызды және үкіметтік емес ұйымның атауын көрсетіңіз):

Үкіметтік емес ұйымның қызметкерлерімен Сізде жақын туысқандық байланыс бар ма? (болған жағдайда, қызметкердің тегін, атын, әкесінің атын және ол жұмыс жасайтын үкіметтік емес ұйымның атауы мен туысқандық байланыстың дәрежесін көрсетіңіз):

Сізде басқа да қандайда бір мүмкін болатын мүдделер қайшылығы бар ма? (болған жағдайда, қандай екенін көрсетіңіз):

Мен мүдделер қайшылығына қатысты саясатты қабылдаймын және осы ескертуді толтыру барысында берілген ақпараттың шындығына жауапкершілікті көтеретіндігімді растаймын.

«__» _____ 2022 жыл

Қолы

| | |
|---|---|
| Қол қоюшы үшін және оның атынан | Қол қоюшы үшін және оның атынан |
| Тапсырыс беруші атынан | Оператор атынан |
| Қолы:  | Қолы:  |
| Аты-жөні: Айгуль Барманкулова | Аты-жөні: Лима Диас |
| Лауазымы: Сенімхат бойынша өкіл | Лауазымы: Басқарма Төрағасы |